


У 2008
38к

Зиятай Ахметова

Қобыз үйрену мектебі






УДК 82.008.1/00к

Зиятай Ахметова

ҚОБЫЗ ҮЙРЕНУ МЕКТЕБІ



ИЗДАТЕЛЬСТВО Алматы
ӨНЕР 2007
БАСПАСЫ

ISBN 978-601-29-012-3

ББК 85.31

А 94

Ахметова Қ.
А 94 Қобыз үйрену мектебі. — Алматы: “Өнер”, 2007. — 160-б.

ISBN 978-601-209-012-3

Көне түркі мәдениетінен біздің заманымызға ешбір қалыбын бұзбай жеткен ұлттық аспаптарымыздың қазақ өнерінде алатын орны бір төбе.

Өзіндік ерекшелігі мол қобыз аспабы арғысы — Қорқыт Атамыздың жырлары мен Ибн Сина, Жәми, Дәруіш Әли еңбектерінде мадақталса, бергісі — Жанак, Ықылас, Нышан, Сүгір, Мольқбай, Түсіпбек бабаларымыз саф өнерді сары майдай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа ойнау әдісін шебер жеткізе білгендігінің арқасында сақталған.

XX ғасырдағы — А.Жұбанов, Д.Мацуин, Л.Хамиди, С.Мұхамеджанов, М.Қойшыбаев, Н.Тілендиев сынды көрнекті өнер зерттеушілер мен қазақ композиторлары қобызға арнап музыкалық шығармалар жазды. Көптеген романстар мен пьесалар, күй шығармалары осы аспапта ойнауға негізделді.

Бұл кітаптың авторы өзінің “Қобыз үйрену мектебі” атты еңбегін орта музыкалық білім беретін оқу орындары мен музыка мамандарына, зерттеушілерге оқыту құралы ретінде ұсынып отыр.

А 4905000000
00(05)-07

ББК 85.31


ISBN 978-601-209-012-3

© Ахметова Қ., 2007
© “Өнер”, 2007

ҚОБЫЗ ҮЙРЕНУДІҢ АЛҒАШҚЫ ӘДІСТЕМЕСІ

Қобыз және ысқыш

Ұсынылып отырған суреттерде — 4 ішекті қобыздың кестесі берілген. Тиісті сандармен аспаптың құрылысы көрсетілген.



1-сурет. Қобыздың құрылысы және алдыңғы бетінің көрінісі

1. Шанақтың (корпустың) жоғарғы бөлігі (ағаш)
2. Шанақтың төменгі бөлігі (тері)
3. Мойны
4. Басы
5. Құлақтары
6. Тиегі
7. Ішектері
8. Түймесі
9. Ішек ілгіші




2-сурет. Қобыздың арқа беті




3-сурет. Қобыздың бүйірі

Жұмыр келген қобыз корпусының (шанағының) үстіңгі бөлігі жұқа ағашпен жабылған. Ағаш бетіне оюлап әшекейленген өрнектер салынған. Ол өрнектер дыбысты күшейте түсетін резонаторлар болып есептелінеді.

Ал шанақтың төменгі бөлігін жауып тұрған тері аспапта ойнаған кезде, қоңыр әрі жұмсақ дыбыс шығаруына себеп болады. Қобыздың жоғарғы шанағына мойын, бас бекітілген. Бастағы төрт құлаққа ішектердің жоғарғы ұшы бекітіледі, құлақтар аспаптың күйін бұрауын келтіру үшін керек.




4-сурет. Қобыздың жоғарғы шанағына мойын әрі бас бекітіледі



5-сурет. Бастағы төрт құлаққа ішектердің байлануы

Ал ішектердің астын тіреу үшін тиек қойылады. Тиек жеткілікті мөлшерде жұмыр болуға тиіс, себебі “ре” ішегінде дыбысты ысқышпен қаттырақ басып ойнағанда “соль” және “ля” ішектеріне тимеуі керек.



6-сурет. Тиек жеткілікті мөлшерде жұмыр болуға тиіс

Қобыздың түп жағында түймеге ішек арқылы ілмекше бекітілген. Оған ішектер тартылады. (№6-суретке қараңыздар.)


ҚОБЫЗ ІШЕКТЕРІ, ДЫБЫС МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ КҮЙГЕ КЕЛТІРУ

Қобызға скрипкада пайдаланылатын ішектерді қолданады. Қыл ішектерден сым ішектердің айырмашылығы дыбысы анық, дауыс құбылысы қоңыр, құлаққа сүйкімді, әрі техникалық күрделі шығармаларды жоғарғы позицияларда саусақтармен ыңғайлап ойнауға мүмкіндік туғызады.

Қобызда 4 ішек болады. 1 — ішек “ми” — ең жіңішкесі, 2 — ішек — “ля”, 3 — ішек — “ре”, 4 — ішек — “соль” — ең жуан дыбысты ішек.


Төменгі ноталар үлгісінде қобыздың құлақ күйін (стройын) келтіретін төрт ішектің ноталар сызығына жазылуы:

(№1 ноталар үлгісі)



Қобыздың диапазоны (дыбыс мөлшері), кіші октаваның “соль” ішегінен бастап 3-ші октаваның “ля” нотасымен бітеді. Төрт ішектің жұмыс диапазоны:

(№2 ноталар үлгісі)




Қобызда таза квинта интервалдары бойынша құлақ күйін келтіреді. Аспаптың құлағын дұрыстап келтіру үшін оқушы таза квинта интервалынан басталатын “Қамажай” атты халық әнін пайдалануға болады. Әрине, алғаш қиындық кездеседі, бірақ әр сабақ сайын мұғалім оқушыны осы квинтаны назар қойып, ұқыптылықпен тыңдауына көңіл бөлуі керек.

Ең алдымен “ля” ішегін жақсылап күйге келтіріп алып, содан соң “ля”-ға қарап “ля” — “ре”, “ре — соль” және “ля — ми” таза квинта ноталарының құлағын бұрап келтіруге болады.

ЫСҚЫШ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Қобызда ойнау үшін қазіргі кезеңде скрипканың смычогын (ысқышын) пайдаланады. Оның ескі қарапайым садақша ысқыштан айырмашылығы әлдеқайда артық. Құрылысы өзгеріп, күрделілене түскен. Біріншіден, таяқшасы ұзарып, қылдары лента сияқты керілген. Ол қобызда ойнаған кезде толық лента бойымен дыбысты қатты шығарып, немесе бір қырымен ысқыштың салмағы мен серпінділік мүмкіншілігі техникалық жағынан әртүрлі және лирикалы нәзік шығармаларды ойнауға кеңінен жағдай туғызды.

Төмендегі суретте ысқыштың негізгі бөлшектері (құрылысы) көрсетілген.



1. Таяқшасы
2. Қылы
3. Қыл тартқыш бұрандасы
4. Ысқыштың ұшы (басы)
5. Қалпы


7-сурет. Ысқыштың негізгі бөлшектері

Ысқыштың шартты белгілері:

П — ысқышпен төмен ойнау белгісі және ысқышты оң қолмен ұстаған жерден бастап ұшына дейін жүргізуді білдіреді.

V — ысқышты жоғары қарай ойнау белгісі және ысқышты ұшынан бастап, қалыпқа дейін ойнауды білдіреді.


П және V белгілері ысқышпен төмен және жоғары тарту керектігін көрсететін қарапайым штрихтарға жатады. Төмендегі схемада ысқышпен төменнен жоғары, жоғарыдан төмен ойнау әдісінің бағдары көрсетілген.




8-сурет. Ысқыштың төменнен жоғары, жоғарыдан төмен ойнау

Аспапта ойнаған кезде, ысқыштың белгілі бір бөліктерімен ойнауға болады: Мысалы: төмен жағымен, ортасымен және ұшымен. Суретте ысқыштың төмен жағымен, ортасымен және ұшымен ойнауы көрсетілген.

Ысқышты екіге бөліп ойнау әдісі:




9-сурет. Ысқыштың төмен жағымен, ортасымен және ұшымен ойнау




10-сурет. Ысқышты екіге бөліп ойнау

Ысқышты үшке бөліп ойнау:

Ысқышты төртке бөліп ойнау:



11-сурет. Ысқышты үшке бөліп ойнау



12-сурет. Ысқышты төртке бөліп ойнау

Қобыздан толық жақсы дыбыс шығару үшін ысқышты канфольмен (шайыр) жағу керек. Ол алдымен тазартылады, қорытылады, содан соң қалыпқа құйып жасалады.

Ойнау алдында ысқыштың қылын бұранданың көмегімен қатты да емес, бос та емес етіп тарту керек. Қыл қатты тартылған жағдайда оң қолдың бұлшық еттеріне күш түседі, ал бос болса ысқыштың қылы таяқшаға тиіп қалады. Бұндай жағдайлар дыбыстың сапасына кедергі болады. Қылды қолмен ұстауға болмайды. Адамның қолы майлы, немесе тер болады, бұл ысқыштың ішектерде біркелкі сүйкелуіне зиянын тигізеді, дыбыс үзіліп қалады. Сабақ, не дайындық біткеннен кейін, қылды керілген күйінде қалдыруға болмайды, босатып қою керек.

Жоғарыда айтылған қобыз бен ысқыштың негізгі құрылысы мен қатар, құлақ күйін немесе бұрауын келтіру туралы болған әңгімені мұғалім өзі тікелей айтып қана қоймай, қалай отырып, қалай ойнау керектігін қажет болса бірнеше рет қайталап көрсетуге тиіс. Әрі болашақта еңбегі жемісті болу үшін, оқушылар аспаптың, ысқыштың және ішектердің қасиеттерін жақсы білуі керек. Қобызға арналған 4-ішектерді аккорд деп те атайды. Сондықтан оларды артығымен алып қойған жөн, себебі алғашқы құлағын келтіру кезінде жіңішке ішектердің үзілуі мүмкін.

ҚОБЫЗ ҮЙРЕНУДІҢ АЛҒАШҚЫ ӘДІСТЕМЕСІ

Әр мұғалім алдымен үйренушілерге қобыз бен ысқыштың құрылысы туралы, олардың тарихи шығу тегі туралы анықтама беру қажет. Оқулықта жазылған нұсқауларға қосымша ретінде алғашқы үйрену сабағы кезінде мұғалім тікелей өзі қобызда ойнап көрсетсе, ол сабақ әсерлі болып өтеді.

Төмендегі әңгіме болатын әдістемелік нұсқауларға қобызда үйренушілер аса бір ыждағаттылықпен көңіл бөлулері керек. Өйткені, осы алғашқы үйрену сабақтарында болашақтың негізі қаланады. Үйрену ережесіне келгенде аянбай еңбек ету керек. Алғашқы үйрену сабақтарына уақыт көп кетуі мүмкін. Одан оқушыға келер кедергі болмайды, қайта оқушының өсу жолы, түсінушілік қасиеті жылдамдай түседі.

Қобыз үйренудегі алғашқы методикалық нұсқаулар оқушылар үшін тікелей мұғалімнің басқаруымен өту керек, себебі, олар өздігінен бәрін бірдей түсіне бермейді, іс жүзінде асыра алмайды.

Алдағы уақытта қобыз сабағының ойдағыдай өтуі үшін, оқушыға басқа да музыкалық пәндерден (теориядан) сауаты болу керек.

Отыру

Қобыз үйрену отырудан басталады. Орындықтың алдыңғы жартысына отырып, қобызшы арқасын тік ұстауға тиіс.

Аспапты екі тізесінің арасына қойып, қысып ұстады, қобыздың басы иектің сол жақ астына тіреледі. Ойын кезінде ысқыш санның оң жағына тимеуі үшін қобызды тізеден төмен түсіруге болмайды.

Ысқышты ұстау әдісі



13-сурет. Қобызды ойнар алдында, орындықтың алдыңғы жартысына отырып, арқаны тік ұстау қажет



14-сурет. Аспапты екі тізенің арасына қысып ұстайды, қобыздың басы иектің сол жақ астына тіреледі

Ысқышты оң қолдың саусақтарымен қалыптың біткен жерінен (колодкадан) ұстайды. Ысқышты ұстау әдісі үйренушіге өте қолайлы, ыңғайлы болуы керек. Ал оны мынадай жағдайда ғана іс жүзінде асыруға болады. Оң қолдың үш саусағы, таяқшаны орай ұстаса, төртінші саусақ (шынашақ) оның үстіне қойылады.

Бас бармақ ысқыштың таяқшасына ортаңғы саусақтың тұсына қойылады, ұшы таяқшаға тіреліп, еркін бүгілуге және жазылуға тиіс. Оң қолдың буындары еркін бүгіліп жазылуға тиіс.



15-сурет. Оң қолдың үш саусағы ысқыштың таяқшасын ұстаса, төртінші саусақ (шынашақ) оның үстіне қойылады.

Ысқышты ұстаған оң қолдың саусақтарының сыртынан және ішінен қарағандағы көрінісі:

Оң қолмен ысқышты ұстаған кезде саусақтардың қозғалысы бөгеліп, буындары қатаймас үшін, алдын ала мынадай жаттығулар жасауға болады. Кез келген қалам,



16-сурет. Ысқышты ұстаған оң қолдың саусақтарының ішінен қарағандағы көрініс.



17-сурет. Ысқышты ұстаған оң қолдың саусақтарының бүйірінен қарағандағы көрініс.

қарындаш немесе таяқшаны алып, оған оң қолдың саусақтарын ысқышқа жоғарыда айтылғандай орналастырған соң, буынды қатайтпай жұмсартып бос ұстауға тырысып, әрі-бері бүгіп немесе жаттығу керек. Үйренушінің ысқышты ұстаған оң қолының буын, бұлшық еттері сіресіп немесе қатайып қалмау үшін өзін-өзі бақылап отыруы қажет. Жаттығуды алдымен жоғарыда айтылғандай қалам, қарындашпен содан соң, ысқышпен дыбыс шығармай тұрып жасауға да болады. Бұндағы мақсат оң қолдың саусақтарынан икемділік пен жұмсақтық қозғалыстарына жетуге ұмтылу болып табылады. Сондықтан да көңіл бөлетін бір жай, ол мына оң қолдың саусақтарын ысқышқа дұрыс қоя білу, себебі болашақта қобыздан қоңыр, әуенді дыбыс шығару және тез ойнайтын техникалық музыка шығармалардың мүмкіншілігі осы жағдайға тікелей байланысты болады.

Дыбыс шығару тәсілдері


Үйренуді ысқышпен ашық ішектерде дыбыс шығарудан бастау керек. Ысқышпен төменнен жоғары, жоғарыдан төмен жүргізіп жай темпте ойнайды. Қобыздың дауысы жақсы шығу үшін, ысқышты ішектерге қылдың жалпақ лентасымен емес, оның бір шетінен сүйкегені, жүргізгені жөн, ысқыштың таяқшасын өзіңе қарай еңкейте ұстау қажет. Ал қаттырақ басып ойнаған кезде ысқыш ішекке жалпақ лентасымен толық тигізілуге тиіс. Қобызда жақсы дыбыс шығару үшін, жүргізіп отырған ысқышқа сәл салмақ салып ішекті баса ойнау керек. Мұны үйренуші оң қолымен де, сол қолымен де анық сезінуі шарт. Ысқыштың ішектерге сүйкелуі тек оң қолға емес, екі қолға да қатысты. Ойнаудың бұл ережесі маңыздыларының бірі болып табылады. Бұл қойылып отырған шарт жақсы дыбыс шығарудың негізіне айналуға тиіс.

Оқушы ашық ішекке ойнауды үйренгеннен кейін өзі қандай дыбыс шығарғанын тыңдауға және есітуге шығарған дыбыстың жақсы болуына ұмтылуға тиіс. Алғашқы сабақтардан-ақ оқушыны ойналып жатқан жаттығуларға, гаммаларға, шағын музыкалық шығармаларға, зейін қойып дыбыстың таза, әрі сапалы болып шығуына көңіл бөлдіру. Сабақ процесіндегі ең негізгісі де осы. Басынан-ақ “тыңдау” дағдысын ұмыт қалдырмауға ұмтылу қажет. Сабақ түсінікті болу үшін мұғалім қобыз бен ысқышты қалай ұстау керектігін, дыбыс шығару тәсілін сабақтан сабаққа ұждағаттылықпен көрсетіп отырғаны жөн.


Әрине, алғаш нәтиже нашар болуы ықтимал, бірақ оқушының назарын шығарылған дыбыстың күшті, құлаққа жағымды, ешқандай шиқылсыз шығуына назар аударуы керек. Ал ол күнделікті оқушының есіту қабілетін дамыту жолында ғана іске аса алады. Бірнеше рет қайталаған кезде дыбыстың сапасы жақсармаса үйренушіге ренжімей ысқышпен ішектің қай жерінен тартса дыбыстың таза шығуын шыдамдылықпен түсіндіре отырып, ойнап көрсету керек. Ескерте кететін бір жай, қобызда ойнаған кезде ысқышты тиекке жақындатып, не алыстатып ойнауға болады, дегенмен 2—3 см. қашықтықта ойнаса дыбыс әрі қою, әрі қоңыр болып шығады. Ал ондай дыбыс шығару үшін күнделікті дайындық керек. Жылдам штрихпен (ысқышты жүргізудің түр ерекшелігі) ойнағанда тиектен жоғары әрі ысқыштың ұшымен ойнау керек, сонда дыбыс әрі нәзік, әрі жеңіл боп шығады. Жай темпте

ойнағанда тиекке жақын ойнайды, бұл жағдайда дыбыс қою, әрі қоңырсазды болып шығады.

Үйренуші алдымен дыбыс шығаруды жәй темпте ысқышпен ашық ішектерде жүргізуден бастау керек. Бірте-бірте ойын бір салаға келтіріп, есеппен ойнауға машықтансын.



Төменгі ноталар үлгісінде қобыздың ашық ішектерінде фермата белгісімен ұзақ созып ойнау әдісі берілген. Ашық ішектер ноталарын нольмен (0) нотаның астынан немесе үстінен белгілейді.



П — белгісі ысқышты төменнен жоғары қарай (оңға) ойнау бағытын көрсетеді. (Схемаға қараңыздар).

V — белгісі ысқыштың жоғарыдан төмен (солға) ойнау бағытын көрсетеді.

Ысқышты төменнен жоғары қарай немесе керісінше жүргізуге ауысқан кезде итеру немесе қозғалыста үзіліссіз болмауы — оң қолдың дұрыс жұмысының маңызды шарты. Ысқыш тиекке параллель жүргізілуге тиіс. Ысқыштың төмен (П) және жоғары (V) алмасуы жай, жұмсақ жүзеге асырылуы керек.

Ал қобызда ойнаған кезде ысқыштың таяқшасын өзіне қарай сәл көлбеу ұстау, яғни ысқышты ішекке үзіліссіз тигізу, ішектің жақсы дыбыс шығаратын жерін табу керектігін тұрақты есте ұстаған жағдайда ғана дыбыс оңды нәтижеге жете алады. Ысқыш неғұрлым тиекке жақындаған сайын қатая түседі де, тиектен алыстаса жұмсарады.


Жай темпте ойнаған кезде оқушы дыбыстың жақсы сапасына ұмтыла отырып, шығарылған дыбыстарды тыңдау арқылы қадағалауға тиіс. Ысқышты баяу жүргізгенде ғана ол өз қателіктерін түзеп, дыбыс сапасын жақсартатын болады.

Оқушыны алғашқы үйрену кезеңіндегі қиындыққа әкелетін бір жай, ол өзінің оң қол мен сол қолының буындарын қатайтпауына назар аудару. Бар көңіл осы мәселеге қойылу керек. Саусақтары тырысып тұрса, алдағы уақытта техникалық мүмкіншілігі алға жылжымайды.


Есеп

Төменгі жаттығуларда ноталардың белгілі бір ұзақтығы және пауза белгісінің жазылу тәртібі көрсетіледі. Бұл жаттығуда оқушы нотаны біркелкі ұзақтықта ойнауды және тыныс белгісін тең есептеуді үйренуге тиіс. Бұл үшін ысқышты тиекке параллель жүргізе отырып, белгілі бір есеппен ысқыштың бөлшектерін дұрыс пайдалана білу керек. Төрт ширектен тұратын бүтін ноталар төрт есеппен есептеледі, жартылары екеумен, төрттен бірі біреумен тағы сондайлар.


Бүтін ноталар және оған сәйкес тыныс белгілері: №4(1)




Жарты ноталар және оған сәйкес тыныс белгілері: №4(2,3)



Ширек ноталар және оған сәйкес тыныс белгілері: №4(4,5)





Бір ішектен екіншісіне ауысу

Ысқышты ішектен ішекке ауыстырып ойнаған кезде оң қолдың буынын бос, жұмсақ ұстай отырып, таяқшаға сұқ қол арқылы баса ойнаса, дыбыс бірқалыпты, әрі біркелкі шығады. Ысқышты төменнен жоғары, жоғарыдан төмен жүргізген кезде әрбір жаңа тактінің басын айқынырақ ойнау үшін оң қолдың саусақтары арқылы ішекке қаттырақ басып ойнаған жөн. Ал осы мақсатпен төменгі жаттығуларда әртүрлі штрихтердегі және ұзақтықтардағы ноталар үлгісін пайдалана отырып, ойнау қажет. (Тұтас, жарты, ширек ноталар үлгісімен ойнау әдісіне арналған жаттығулар: (№5 ноталар үлгісі)



Үйренуші осы жоғарыда айтылған әдістемелік нұсқауларға назарын аудара отырып, ашық ішектерде жақсы дыбыс шығаруға оң қолды бейімдеу керек. Ол үшін ашық ішектерде дыбыс шығарғанда ферматамен ойнаған жөн, себебі жай темпте ойнаған кезде дыбысты жол-жөнекей түзеп ойнауға болады.

Алғашқы қарапайым жаттығуларды күнделікті дайындау керек, демалыс пен дайындық кезеңдерді ұштастыра білу тиянақтылықты қажет етеді.

Айта кететін бір жай, тактідегі ноталарды арнайы бір есеппен, ырғақпен, ойнау, ысқыштың әр бөлігін дұрыс пайдалана білу, бірте-бірте жаттығу арқылы шыңдала түседі.

Мысалы, алғашқы үйрену кезеңінде ысқышты бүтіндей пайдалансақ, бірер жаттығудан соң ысқыштың төменгі, ортаңғы және жоғарғы бөлігінде дұрыс ойнаған жөн. Ысқыштың әр бөлігін дұрыс пайдаланып, оң қол мен сол қолдың саусақтары мен буындары еркін бүгіліп-жазылып тұруы аса қажет. Осы айтылған шарттар естен шықпауы керек.

Ескерте кететін бір жай, республикамыздың көптеген музыка мектептерінде, мәдени-ағарту училищелерінде оқитын қобызшылардың ысқышты ұстайтын оң қолдарының қою жолдары (постановкасы) көбінесе дұрыс қойылмады. Саусақтары мен буындары сіресіп тұрады, еркін бүгіліп-жазылып тұрмайды. Бұндай “қатты” қолмен ойнау кейін техникалық шығармаларды орындауда қиындыққа әкеп соғады. Әрі дыбыс сапасына кедергі болады. Сондықтан да оң қолдың постановкасына аса көңіл бөлген жөн, себебі дыбыстың әрі жұмсақ, әрі әуенді болуы және тез ойналатын шығармаларда оң қолдың буындарының еркін қимылдауы осы бастапқы үйрену кезеңіне тікелей байланысты.


Қобыз ішектерінде сол қол саусақтарының орналасуы

(Бірінші позиция)

Қобызда ойнаған кезде біз сол қолдың төрт саусағын пайдаланамыз, әр саусақтың өз нөмірі бар. Мысалы, 4-ші “соль” ішегінде, “соль” нотасы ашық ішек болса, 1-ші сұқ саусақпен “ля” нотасын, 2-ші ортаңғы саусақпен “си” нотасын, 3-ші аты жоқ саусақпен “до” нотасын, 4-ші шынашақпен “ре” нотасын аламыз. Нотаның астына немесе үстіне қойылатын цифрлар осы ноталарды қай саусақпен ойнайтынын көрсетеді. Бас бармақ қобыз мойнының артқы жағында еркін жылжып тұруы керек. Сол қол саусақтарының буынын қатайтпай бос ұстаған жөн. Саусақтарды 4-ші “соль” ішегінде орналасуы: (нота №6)

соль ля си до ре до си ля соль

Алдын ала қобызсыз мынандай жаттығу жасауға болады. Үстел немесе пианиноның қақпағының үстіне, тіптен оң қолдың үстінгі жағына сол қол саусақтарының арасын жобалап 1 тон 1/2 тон (жарты тон) 1 тон етіп ұстап, немесе төмендегі №7 схемадағыдай етіп орналастыруға болады:



1. Ноталар аты

2. Дыбыстар арасындағы қашықтық

3. Саусақ алмастыру

Ашық ішектердің ноталарын (0) нольмен белгілеу керек.

Сол қол саусақтары осындай арақашықтыққа бейімделеді, үйренеді, бірақ саусақтар қатаймау үшін, буынды жұмсақ, еркін ұстау керек.

“Соль” ішегіндегі ноталарға арналған жаттығу: (№8) нота

Exercise №8: Musical notation showing two staves of notes. The first staff starts with a treble clef and a 4/4 time signature. The notes are LA, SI, DO, RE, MI, FA, SOL, LA, SI, DO, RE, MI, FA, SOL, LA. Fingerings are indicated below the notes: 0, 1, 1, 2, 2, 3, 3, 4(0). Dynamics markings (p, v) are shown above the notes. The second staff continues the sequence with notes SI, DO, RE, MI, FA, SOL, LA, SI, DO, RE, MI, FA, SOL, LA, SI, DO, RE, MI, FA, SOL, LA. Fingerings are indicated below the notes: 0(4), 3, 2, 2, 1, 2, 1, 1, 0.

Саусақтардың 3-ші “Ре” ішегіндегі орналасуы “соль” ішегіндегідей, тек ноталардың аты өзгереді, оған мынау төменгі “Ре” ішегіндегі ноталарды жаттығып үйрену қажет: (№9 нота)

Exercise №9: Musical notation showing a single staff of notes. The notes are RE, MI, FA, SOL, LA, SI, DO, RE, MI, FA, SOL, LA, SI, DO, RE, MI, FA, SOL, LA. Fingerings are indicated below the notes: 1 тон, 1 тон, 1/2 тон, 1 тон, 1 тон, 1/2 тон, 1 тон, 1 тон. Dynamics markings (p, v) are shown above the notes. The notes are labeled as РЕ, МИ, ФА, СОЛЬ, ЛА, СІЛЬ, ФА, ДИЕЗ, МИ, РЕ.

Төмендегі суретте “Ре” ішегіндегі ноталардың кестесі берілген. Бұндағы ең қажет нәрсе, дыбыстар арасындағы қашықтық, ал оны схема арқылы оңай түсінуге болады: (№10 нота)

№10.

1. MI FA# SOLb LA

2. $\frac{1}{2}$ ТОН

3. 1 ТОН 1 ТОН

1 2 3 4

“Ре” ішегіндегі ноталарды жаттығып үйрену: (№11 нота)

“Соль” ішегіндегі 4-ші саусақпен алынған “Ре” нотасы, ашық “Ре” ішегімен бірдей дыбыс беруге тиіс. Мәселен: (№12 нота)

“Соль” ішегіндегі “Ре” ішегіндегі
ЖАБЫҚ ДЫБЫС АШЫҚ ДЫБЫСПЕН
БІРДЕЙ БОЛУ КЕРЕК.

“Соль” және “Ре” ішегіндегі ноталарды үйренуге арналған жаттығу: (№13 нота.)

Exercise №13 consists of three staves of music. The first staff starts with a treble clef and a common time signature (C). It contains a sequence of notes: G4, A4, B4, C5, B4, A4, G4, F4, E4, D4, C4, B3, A3, G3. Above the first two notes are dynamic markings 'p' and 'v'. Below the notes are fingerings: 0, 1, 2, 3, 4, 0, 1, 2, 3, 4. The second staff continues the sequence: F4, E4, D4, C4, B3, A3, G3, F3, E3, D3, C3, B2, A2, G2. Below the notes is a fingering of 4. The third staff continues: F2, E2, D2, C2, B1, A1, G1, F1, E1, D1, C1, B0, A0, G0. Below the notes are fingerings 4, 4, and a final 'p' marking.

Саусақтардың 2-ші “ля” ішегіндегі орналасуы: (№14 нота.)

Exercise №14 is a single staff of music showing intervals between notes. The notes are: D4 (1 тон), E4 (1/2 тон), F4 (1 тон), G4 (1 тон), A4 (1 тон), B4 (1 тон), C5 (1/2 тон), D5 (1 тон), E5. Below the notes are the corresponding interval labels: 1 ТОН, 1/2 ТОН, 1 ТОН, 1 ТОН, 1 ТОН, 1 ТОН, 1/2 ТОН, 1 ТОН.

“Ля” ішегіндегі ноталар схемасы: (№15 сурет-нота.)

Exercise №15 is a diagram showing the layout of notes on a staff. The notes are: C4, D4, E4, F4. Below the notes are the interval labels: 1/2 тон, 1 тон, 1 тон. Below the diagram are the numbers 1, 2, 3, 4, corresponding to the notes.

“Ля” ішіндегі ноталарды жаттығып үйрену: (№16 нота.)

Exercise №16 consists of two staves of music. The first staff starts with a treble clef and a common time signature (C). It contains a sequence of notes: D4, E4, F4, G4, A4, B4, C5, B4, A4, G4, F4, E4, D4, C4, B3, A3, G3. Above the first two notes are dynamic markings 'p' and 'v'. Below the notes are fingerings: 0, 1, 1, 2, 2, 3, 3, 4(0). The second staff continues the sequence: F3, E3, D3, C3, B2, A2, G2, F2, E2, D2, C2, B1, A1, G1, F1, E1, D1, C1, B0, A0, G0. Below the notes are fingerings: 3, 2, 3, 1, 2, 0, 1, 0, 4.

“Ми” ішіндегі саусақтардың орналасуы:

0 1 2 3 4 3 2 1 0

Ми Фа# Соль Ля Си Ля Соль Фа# Ми

“Ми” ішегіндегі ноталар кестесі: (№18 нота.)

Фа# Соль Ля Си

1 2 3 4

“Ми” ішегіндегі жаттығу:

0 1 1 2 3 4 0

“Соль”, “Ре”, “Ля”, “Ми” — ішектерінде ойнауға бейімделген жаттығу: (№19 нота.)
 Оқушы қобыздың төрт ішегінде саусақтардың орналасуын игергеннен кейін үйренуді

3 2 1 0 1

0 1 2 4 3 0

1 4

2 0 3 4 3